



ХҒТАР 06.77.05

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2025-1-8-24>

## Қазіргі әлемдегі көші-қон үрдістері: факторлар мен салдарды талдау

С.Е. Нурпеисов\*<sup>1</sup>, А.П. Седлов<sup>2</sup>

<sup>1</sup> «Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup> РҒА экономика институтының адами әлеуетті дамыту орталығы, Мәскеу, Ресей

(E-mail: nurpeisov@tau-edu.kz)

**Аңдатпа.** Мақалада көші-қон үрдісінің теориялық аспектілері қарастырылған. Қазіргі уақытта көші-қон үрдісін зерттеу өзекті мәселелердің қатарына еніп отыр. Көші-қон бұл адамдардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту, жұмыс іздеу, қақтығыстар мен қуғын-сүргін салдарынан бір елден екінші елге немесе бір елдің өңірлері арасындағы көшу үрдісі. Бұл үрдіс елдер мен аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, сондай-ақ мәдени әртүрлілікке үлкен әсер етеді. Осы мәселе төңіріндегі зерттеулер көші-қонның себептері мен салдарын жақсы түсінуге, сонымен қатар көші-қон ағындарын тиімді басқаруға бағытталған саясатты жүргізуге және мәселені реттеуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге көмектеседі. Жалпы көші-қон үрдісін зерттеу мәселенің таралу ауқымы мен бірге көші-қон үрдісіне қатысушы субъектілер үшін ғана емес, Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму тұжырымдамасының он жеті мақсатына қол жеткізу жағдайларында да маңызды болып отыр.

Мақалада көші-қон ұғымы қарастырылып, халықтың көшіп-қонуының себептері жүйелендіріліп, топтастырылған. Әр кезеңдердегі көші-қон үрдісінің ерекшеліктері келтіріліп, көші-қон функциялары қарастырылған. Дүниежүзілік банктің деректеріне сүйене отырып, әлемдегі көші-қон үрдісінің қазіргі жағдайына талдау жасалған. Географиялық аумақтарға мигранттар мен босқындардың таралуы және көшіп-қонудың себептері айқындалған.

Сондай-ақ статистикалық мәліметтерді пайдалана отырып, Қазақстандағы көші-қон процестеріне талдау жасалды.

**Түйін сөздер:** ел, экономика, көші-қон, үрдіс, мәселе, фактор, себеп.

Received 19.12.2024. Revised 12.03.2025. Accepted 14.04.2025. Available online 31.03.2025

## Кіріспе

Жаһандану жағдайында капиталдардың ғана емес адамдардың да қозғалысы қарқын алуда. Адамдардың дағдарысты және экономикалық дамуы төмен елдерден жақсы өмірді іздеп, дамыған немесе тұрақты экономикасы қалыптасқан елдерге қарай көшіп-қонуы жиілеп отыр. Көші-қон үрдісі шын мәнінде қазіргі уақыттың өзекті мәселелерінің біріне айналды. Көші-қон үрдісінің қарқын алуы осы үрдіске қатысып отырған тараптар арасында бірқатар мәселелерді туғызуда. Көші-қон үрдісі маңызды әлеуметтік құбылыс бола отырып, елдердің экономикалық, мәдени, әлеуметтік және саяси жағдайларына әсерін тигізіп жатыр. Жыл сайын бір елден екінші елге бағытталған миллиондаған адамдардың қозғалысы жақсы өмірді іздеу, жұмыс істеу, білім алу, соғыс немесе басқа да қақтығыстардан қашу, табиғи апаттар мен климаттық өзгерістердің әсері тәрізді себептерге байланысты туындауда.

Халықтың қозғалысы мигранттың шыққан еліне де және қабылдаушы елге де айтарлықтай әсер етеді. Қабылдаушы елге жұмыс күші тапшылығын толтырып, әлеуметтік және мәдени өмірге ықпал ету арқылы экономикалық дамуға үлес қосуы мүмкін. Сонымен қатар жаппай көші-қон жиілігі, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді тудырады, еңбек нарығындағы бәсекелестікті өсіреді, жергілікті инфрақұрылымға жүктемені (білім беру, емдеу мекемелеріне және т.б.) арттыру арқылы кері әсерін де тигізуі мүмкін. Ал, мигрант өзі шыққан елге демографиялық өзгерісті, жұмыс күшінің тапшылығы немесе білікті мамандардың кетуі тәрізді өзгерістерді әкелуі мүмкін.

Көші-қон үрдісіне қатысушылар келген және шыққан аумақтарында көші-қонның салдары мен себептерін айқындауға, үрдісті басқаруға қатысты тиімді шешімдерді қабылдауды талап етеді.

Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайында көші-қон саясаты маңызды орын алады. Мемлекетте көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында аталмыш үрдістің ағымдағы жағдайы талданып, көші-қон үрдістерін басқарудың және оның мәселелерін шешуде қолданылып жатқан АҚШ, ҚХР, РФ және басқа да мемлекеттердің тәжірибелері сараланған. Сонымен қатар көші-қон үрдісінің даму қағидаттары мен тәсілдері, нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер тұжырымдалған [1].

## Әдебиетке шолу

Әлемде орын алып отырған саяси және экономикалық жағдайлардың салдарынан көші-қон үрдісі жаңа сипатқа ие болып жатыр [2].

Көші-қон туралы, оған ғылыми категория ретінде түсінік беретін бірыңғай заманауи аппараттың жоқтығы байқалады. Қазіргі ғылымда көші-қон мәселесі теориялық жалпылама, фрагментті сипатқа ие, бұл мигранттар, көші-қон ағындары мен үрдісі туралы толық және сенімді деректердің жеткіліксіздігімен байланысты болып отыр.

Ағылшын ғалымы Э.Г. Равенштейн 1885-1889 жылдары көші-қон туралы алғашқы ғылыми түсінікті енгізді деп болжанады [3]. «Миграция» (лат. тілінен migration – қоныс аудару) термині халықтың бір елдің ішінде (ішкі көші-қон) немесе бір елден екінші елге (халықаралық көші-қон) қоныс аударуын білдіреді. Өмір сүру және қауіпсіздік құқығы

мәселесі өзекті болып отыр. Көптеген елдер азаматтарының физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін толық қанды шеше алмай отыр. Өмірді сақтау және адамның қауіпсіз ортада өмір сүру уәжі көші-қонның негізгі себептері мен алғышарттарының бірі [4]. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі конвенциялар мен халықаралық нормалар басты рөлге ие. Қалыптасқан мәселелерді шешу үшін қандай шаралар жасалып жатқанын, көші-қон үрдісінің өсуі не төмендеуіне байланысты қандай болжамдар жасалған және бұл көрсеткіштер дамыған және дамушы елдерге қандай мүмкіндік әкелетінін қарастыру маңызды. Көші-қон үрдісінің сұрақтарын зерттеп жүрген ғалымдардың келесі бір тобы қоршаған орта мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан туындайтын өзгерістерге жауап беру мен бейімделу көші-қон арқылы көрініс беретіндігіне назар аударған [5]. Қоршаған ортаның өзгерісіне қарсы іс-қимыл жасаумен қатар адамдардың көшіп-қон туралы шешімдеріне және қозғалыстарына психоәлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық факторлар (білім, табыс, адамның ниеті, мәдени сәйкестілік) әсер етеді. Авторлардың келесі бір тобы климаттың өзгеруіне сәйкес көші-қон өзара байланысты көп факторлардың салдарынан шешім қабылдау үрдісінің нәтижесі болып табылатындығын тұжырымдап, себеп-салдарлық байланыстарды да, факторлар арасындағы жанама байланыстарды да талдауға назар аударған [6].

### **Зерттеу әдістері**

Мақаланың зерттеу материалдарының ақпараттық көзін Халықаралық көші-қон жөніндегі ұйымның есептері, ҚР-ң Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің статистикалық көрсеткіштері, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, ғылыми мақалалар құрады.

Зерттеу барысында жалпы қолданыстағы бірқатар ғылыми әдістер қолданыс тапты.

Көші-қон мәселесі бойынша жазылған шетелдік және жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сипаттау, түсіндіру және жіктеу әдістерінің көмегімен шолу жасалынды. Зерттеліп отырған құбылыс пен үрдістің ерекшелігі және мазмұны сипаттау, түсіндіру әдістерінің көмегімен нақтыланды. Көші-қон үрдісінің даму жағдайы мен ерекшелігін жүйелендіру үшін жіктеу әдісі қолданылды.

Халықаралық көші-қонның өзгерістері туралы есептерде келтірілген деректер мен ҚР-ң Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің көрсеткіштеріне статистикалық талдау жасалып, деректерді көрнекі түрде көрсету, зерттеліп отырған мәселенің тенденциялары мен өзгеру қарқынын анықтау үшін графикалық өңдеу әдісі пайдаланылды.

Зерттеу тақырыбы аясында қол жеткізілген нәтижелер жалпылау әдісі арқылы тұжырымдалды.

### **Нәтижелер және талқылаулар**

Халықтың көші-қонын бір жақты қарастыруға болмайды, себебі адамдардың кеңістік-уақыт шегінде көшіп-қонуына түрлі себептер әсерін тигізеді. Көші-қон - көп қырлы үрдіс. Халықтың көшіп-қонуының себептерін жүйелендіре келе, шартты түрде төмендегідей топтастыруға болады:

– экономикалық мүмкіндіктер: халықтың көп бөлігі жақсы экономикалық мүмкіндіктерді іздейді. Бұл жоғары жалақы төленетін жұмысты іздеуі, жаңа нарықтарға немесе бизнес мүмкіндіктеріне қол жеткізуге ұмтылыстарын қамтуы мүмкін.

– білім және кәсіби тұрғыдан даму: адамдардың білім алу немесе арнайы оқу бағдарламаларын меңгеруі үшін қоныс аударуы. Бұл адамдардың кәсіби дағдылары мен шеберліктеріне сәйкес келетін жұмыс іздеу мәселесін де қамтуы мүмкін.

– қауіпсіздік және тұрақтылық: мигранттардың басым бөлігі түрлі сипаттағы қақтығыстардан, соғыстардан, қуғын-сүргіннен туындайтын салдарға байланысты қауіпсіздік пен тыныштықты іздейді. Адамдар қауіпсіз және сенімді, әрі тұрақты өмір сүретін орынды іздеуге мәжбүр болады.

– әлеуметтік-мәдени факторлар: адамдардың кейбір тобы мәдени немесе әлеуметтік себептерге байланысты қоныс аударады. Бұл жаңа мәдениетпен, тіл немесе өмір салтымен танысуға деген ұмтылысты, сонымен бірге түрлі сипаттағы кемсітушіліктен не қудалаудан жалтару жағдайларын қамтуы мүмкін.

– отбасылық мәселелер: көшіп-қонушылар отбасылық жағдайларға байланысты көшу туралы шешім қабылдайды, мысалы туыстарына жақын болу немесе балаларының болашағын жақсарту мүмкіндігі, жанұя мүшелерінің бірінің басқа елдің азаматы болуы сынды әртүрлі неке және жанұя қатынастарында туындайтын азаматтық мәселелер адамдарды көшіп-қонуға итермелейді.

– экологиялық факторлар: табиғи апаттар, климаттың өзгеруі, құрғақшылық, су тасқыны және басқа да экологиялық апаттардан зардап шеккен аумақтардан адамдардың мәжбүрлі көші-қонуы орын алуы мүмкін.

Қазіргі әлемдегі миграциялық үрдіс өзінің мазмұны және жаппай сипат алуына сәйкес, қазіргі жүз жылдықтың бірінші жартысындағы жағдайлардан да ерекшеленіп отыр. Бұл үрдістің келесідей ерекшеліктері бар [7].

Біріншіден, көші-қон барлық құрлықты қамтып, ғаламдық сипатқа ие болды. XX ғасырдың соңғы он жылдығында әлемде 45 млн. еңбек мигранттары тіркелген. Еңбек ресурстарының әлемдік миграциясының масштабы қазіргі заманның ерекшелігін көрсетеді.

Екіншіден, өткен ғасырдың 50-70 жылдарында көші-қон дамушы елдерден индустриалды дамыған елдерге қарай бағытталса, 80-жылдардан қарама-қарсы миграциялық үрдіс байқалған яғни дамыған елдерден даму дәрежесі төмен елдерге қарай шетелдік жұмыс күштерінің қозғалысы бағытталды.

Үшіншіден, еңбек миграциясының туындауының басты себебі ретінде экономикалық себептер танылып отыр.

Төртіншіден, еңбек ресурсының миграциясы халықаралық еңбек бөлінісінің қағида-даттарына негізделген өндіріс технологиясына ықпал етуде. Бұл әлемдік шаруашылық жүйесінде өндірісті ұйымдастырушы трансұлттық компаниялардың қызметімен байланысты.

Бесіншіден, қазіргі уақытта еңбек күшінің заңсыз миграциясының артуы орын алуда. Бұл көші-қон саласында әлемдік мәселелердің қалыптасуына негіз болып отыр. Дүниежүзілік банктің жыл сайынға «Дүниежүзілік даму есептері» (World Development Reports) құжаты негізгі даму мәселелері туралы жаһандық қауымдастықтың білім мен деректер қорының бөлігі болып табылады. 2023 жылғы есепте әлемдегі маңызды және өзекті мәселелердің бірі көш-қон сұрақтары талқыланған [8]. Нақты жалақы, еңбек

нарығының мүмкіндіктері, демографиялық модельдер және климаттық өзгешеліктер тұрғысынан елдердің және олардың арасындағы үлкен алшақтықтарға байланысты көші-қон мәселелері бұрыңғыдан да ауқымды және өзекті болып отыр. Осы есепте көрсетілгендей, әлемде 184 миллион мигрант (әлем халқының шамамен 2,3 пайызы) бар, олардың 37 миллионы босқындар. Бұл мигранттардың 40 пайызы (64 миллион экономикалық мигранттар мен 10 миллион босқын) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кіретін табысы жоғары елдерде тұрады. Бұл жоғары және төмен білікті жұмысшылар және олардың отбасы мүшелері, қоныстануды мақсат еткен адамдар; уақытша мигранттар; студенттер; сондай -ақ құжатсыз мигранттар және халықаралық қорғауға ұмтылған азаматтар.

Жалпы мигранттардың шамамен 17 пайызы (31 миллион экономикалық мигрант) Парсы шығанағы Ынтымақтастық кеңесі елдерінде тұрады. Олардың барлығы дерлік жаңартылған жұмыс визасы бар уақытша жұмысшылар. Олар осы кеңеске кіретін елдердегі орта есеппен халықтың жартысына жуығын құрайды. Мигранттардың одан кейінгі көп бөлігі, шамамен 43 пайызы (52 миллион экономикалық мигрант және 27 миллион босқын) табысы төмен және орташа дамыған елдерде тұрады. Олар негізінен жұмыс істеу, отбасы мүшелерін біріктіру немесе халықаралық қорғауға ұмтылу мақсатында тұрғылықты мекен-жайларын ауыстырғандар. Дүниежүзілік банктің деректерінде көрсетілген көші-қон саласындағы сандық мәліметтер, осы мәселенің даму дәрежесі жоғары және даму дәрежесі төмен елдер үшін де өзекті екендігін көрсетуде.

БҰҰ-ң көші-қон туралы баяндамасында [19] халықаралық мигранттардың өз елінен тыс жердегі қоныстануы 2020 жылы 281 миллион адам немесе 1990 жылға қарағанда 128 миллионға артық екенін көрсетіп отыр (1-кесте).

#### Кесте 1. 1970 жылдан кейінгі халықаралық мигранттардың саны, адам

| Жылдар | Халықаралық мигранттардың саны | Мигранттардың әлем халқы санындағы үлесі, % |
|--------|--------------------------------|---------------------------------------------|
| 1970   | 84460125                       | 2,3                                         |
| 1775   | 90 368 010                     | 2,2                                         |
| 1980   | 101 983 149                    | 2,3                                         |
| 1985   | 113 206 691                    | 2,3                                         |
| 1990   | 152 986 157                    | 2,9                                         |
| 1995   | 161 289 976                    | 2,8                                         |
| 2000   | 173 230 585                    | 2,8                                         |
| 2005   | 191 446 828                    | 2,9                                         |
| 2010   | 220 983 187                    | 3,2                                         |
| 2015   | 247 958 644                    | 3,4                                         |
| 2020   | 280 598 105                    | 3,6                                         |
| 2024   | 304 022 000                    | 3,7                                         |

Ескерту: [19,20] әдебиет негізінде құрастырылған.

Мәселен, 1-кестедегі сандық көрсеткіштерге қарайтын болсақ әлемдегі жалпы халық санындағы халықаралық мигранттардың үлесі өскен, бірақ өсім төмен. 2024 жылы 304 022 000 адам мигрант ретінде есепке алынған болса, ол дүниежүзі халқының 3,7% -ын ғана құрап отыр.

Алтыншыдан, халықаралық көші-қон саласында ҒТП негізделген сапалық өзгерістер орын алуда яғни білікті мамандардың көшіп-қонушылардың арасындағы үлесі артуда.

Жетіншіден, өздерінің бұрынғы колониялары және құрамында болған елдерінің жұмыс күші импортына бағдарланған елдер тобы қалыптасып жатыр.


Сегізіншіден, қазіргі замандағы жұмыс күшінің халықаралық миграциясының ерекшелігі ретінде осы үрдіске мемлекеттің араласу белсенділігінің артып отырғанын атап өтуге болады, яғни әлемдік жұмыс күші нарығындағы мәмілелерді реттеу, елден иммигранттардың кету мерзіміне қадағалау жасау; елге иммигранттардың кіруіне рұқсат беру. Ұлттық экономикада тұрғындардың бір бөлігі тұрғылықты өмір сүру мекен-жайын ауыстыру, жұмыс іздеу сынды мәселелермен байланысты объективті және субъективті себептерге сәйкес қозғалыста болады. Тұрғындардың бұл механикалық қозғалысы, көші-қон (миграция) деп аталып отыр [9]. Тұрғындардың көші-қоны әлеуметтік өмірдегі айырықша жағдай. Көші-қон үрдісінің және оған қатысушылардың сонымен қатар тұрғындардың көші-қон қозғалысындағы рөлі мен мәнін түсінуге мүмкіндік беретін негізгі категорияларды түсіндіретін біртұтас тәсілдердің болмауы, осы саладағы зерттеулердің міндеттеріне сәйкес түрлі теорияларды кешенді қарастыру туралы қажеттіліктің туындауына негіз болып отыр [10].

Л.Ф. Деловарова [11] өз еңбегінде көші-қон мен тұрақты дамудың арақатынасы қайшылықты және күрделі, бірақ бұл құбылысты жаһандану жағдайында екі құрамдас бөлікте де зерттеу қажеттілігі туралы тұжырымдаған. Ең алдымен, көші-қон мен тұрақты даму арасындағы байланыс көші-қон процестерін салыстырмалы түрде бақыланатын, ал процестің негізгі субъектілері яғни құқықтары мен міндеттері бар еңбек мигранттары өзінің бастапқы шыққан және өзі бағытталып барған елдерге белгілі бір үлес қосады. Мигранттардың үлесі ақша аударымдары, өзінің шыққан елінен игерген дағдылары және өзі бағытталып барған елден қол жеткізген еңбек нәтижелері түрінде болуы мүмкін.

А.Н. Сухов [2,12-б.] өз еңбегінде миграцияның үдетуші, селективті және қайта бөлу функцияларын атап өткен. Үдетуші функция, адамдардың аумақтағы қозғалысы олардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларының өзгеруіне, жеке тұлғалық дамуына (білімге ие болу, еңбек дағдылары, өндірістік тәжірибе алмасу) және оның материалдық, әлеуметтік және рухани қажеттіліктерінің өзгеруіне әкеледі. Осыған сүйене отырып, көші-қон халықтың дамуына әкеледі деп айтуға болады. Көші-қонның екінші функциясы-селективті. Оның мәні әр түрлі әлеуметтік-демографиялық топтардың көші-қон үрдісіне тұрақты қатыспау әр түрлі аумақтардағы халықтың сапалық құрамының өзгеруіне әкеледі. Еңбекке қабілетті жастағы тұлғалар оның ішінде ер азаматтар көші-қонға еңбекке жарамсыз адамдар мен әйелдерге қарағанда белсенді түрде қатысатыны байқалады. Көші-қонның үшінші функциясы- қайта бөлу. Ол өндіргіш күштерді елдің жекелеген аумақтары, оның ішінде табиғи аймақтар, облыстар, ауылдық және қалалық елді мекендер арасында бөлумен байланысты функция. Бұл функцияның

маңыздылығы оның аумақаралық сипатында болып отыр. Халықтың қайта бөлінуі жекелеген аумақтардың халқын көбейтеді немесе керісінше азайтады.

Сонымен қатар XX-XXI ғғ. миграциялық процестің экономикалық және әлеуметтік функциялары жоғары мәнге ие болатындығын көрсеткен. Миграция функциялары бірдей рөлді орындамайды, бұл миграцияның себептері, елдердің даму деңгейлерінің ерекшеліктерімен түсіндірілетін жағдай. Неоклассикалық экономика теориясы халықаралық миграцияны елдер арасындағы экономикалық теңсіздікпен түсіндіреді. Жалпы функцияның сипаты, көші-қон үрдісін туындатып отырған жағдайлармен анықталады. Көші-қон ағынының қуаты миграциялық үрдіске қатысушылардың санына тура тәуелді, сондықтан бұл көрсеткіштің құрылымдық сипаты біртекті болмайды. Миграциялық ағындар инфрақұрылымы дамыған, жеке меншік және қаржылық салымдар қорғалған, саяси және экономикалық тұрақтылық орын алып отырған елдерге қарай бағыттталып отырады. Көші-қон үрдісі өзара байланысты екі ағынмен яғни халықтың бір жерден көшуі және екінші елді-мекенге көшіп келуімен анықталады. Көші-қон үрдісі – бұл тұрғылықты мекен-жайды ауыстырудың салдарынан туындайтын жағдайлардың жиынтығы. Көші-қон үрдісінің құрылымдық сызбасын төмендегідей көрсетуге болады (1- сурет).



Сурет 1. Көші-қон үрдісінің себеп-салдарлы құрылымы

Ескерту: авторлар тарапынан құрастырылған.

Көші-қон қозғалысы бойынша яғни географиялық белгі мен мемлекеттің, қаланың немесе басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімшілік шекараларын кесіп өту жағдайлары негізінде көші-қон екі негізгі түрге бөлінеді [12]:

1) Сыртқы немесе халықаралық көші-қон. Сыртқы көші-қон эмиграция мен иммиграцияны қамтиды. Эмиграция басқа елге тұрақты немесе уақытша өмір сүру жағдайларымен байланысты қоныс аударуды білдірсе, иммиграция елге басқа елдің азаматтарының тұрақты немесе уақытша тұруын білдіреді, бұл көп жағдайда жаңа азаматтық алуға байланысты.

2) Ішкі көші-қон. Ішкі көші-қон дегеніміз – бір елдің әкімшілік-аумақтық бірліктері немесе экономикалық-географиялық аймақтары арасындағы қозғалыс. Ішкі көші-қонның екі түрі бар: ауыл халқының көші-қоны және қала халқының көші-қоны. Ауыл тұрғындарының көші-қоны дегеніміз – адамдардың ауылдан қалаға тұрақты немесе уақытша тұруға көшуі немесе кейбір ауылдық елді мекендерден басқаларына көшуі. Қала халқының көші-қоны бір қаладан екінші қалаға тұрақты немесе уақытша тұруға немесе қалалардан ауылдық елді мекендерге көшуді білдіреді.

Көші-қонды жүзеге асыру тәсілі және көші-қон үрдісін басқару дәрежесі бойынша көші-қонның екі түрі ажыратылады:

1) Ұйымдастырылған көші-қон. Бұл мемлекеттік, қоғамдық және басқа мекемелердің, ұйымдардың қатысуымен және көмегімен жүзеге асырылатын қозғалыстарды білдіреді (мысалы, «Мәңгілік ел жастары-Индустрияға» – «Серпін-2050» білім беру бағдарламасы; «Дипломмен ауылға»; «Еңбек» бағдарламасы; «Нұрлы көш» бағдарламасы шеңберінде атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтуге болады) [13,14,15].

2) Ұйымдастырылмаған көші-қон. Бұл көші-қон мигранттардың өздері тарапынан жүзеге асырылады (мысалы, соғыс, табиғи апат тәрізді қатерлерден адамның қорғануы, тұрғылықты мекен-жайларын ауыстыруы).

Көші-қон үрдісіне қатысушылардың жаңа аумақта болу мерзіміне не ұзақтығына байланысты екі түрі белгілі.

1) тұрақты немесе кері оралмайтын, яғни адамдардың тұрғылықты жерін тұрақты өзгертуге байланысты орын ауыстырулары. Мысалы, елдер арасындағы көші-қон және халықтың ауылдық жерлерден қалаларға көшіп-қонулары көп жағдайда тұрақты және кері оралмайтын сипатқа ие болады.

2) Уақытша көші-қон. Уақытша себептерге, қажеттіліктерге байланысты адамдардың көшіп-қонулары, олар тұрғылықты жеріне қайта оралады.

Сонымен, көші-қон үрдісінің түрлері мен оның туындау себептеріне жасалған теориялық талдаулар мигранттардың көші-қонына саяси, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, тұлғалық себептер әсер ететіндігін көрсетті.

Әлемдік қауымдастықтың мүшесі ретінде танылатын Қазақстан Республикасында да көші-қон мәселесі бар, ішкі және сыртқы деңгейлерде де көш-қон үрдісі орын алып отыр. Елдегі көші-қон өзгерістерін талдайтын болсақ (2- кесте).

**Кесте 2. Халықтың көші-қон өзгерісі, адам**

|                                | 2020ж. | 2021ж. | 2022ж.  | 2023ж.    | 2024ж.  |
|--------------------------------|--------|--------|---------|-----------|---------|
| <b>Барлық халық</b>            |        |        |         |           |         |
| Келгендер                      | 856570 | 767549 | 803 033 | 1 048 972 | 1540285 |
| Кеткендер                      | 874288 | 788766 | 803 033 | 1 039 628 | 1523121 |
| Көші-қон айырымы               | -17718 | -21217 | 0       | 9 344     | 17164   |
| <b>Қала халқының қозғалысы</b> |        |        |         |           |         |
| Келгендер                      | 554046 | 527739 | 548 964 | 724 135   | 1076270 |
| Кеткендер                      | 490454 | 471684 | 480 864 | 632 961   | 947690  |
| Көші-қон айырымы               | 63592  | 56055  | 86 100  | 91 174    | 128580  |
| <b>Ауыл халқының қозғалысы</b> |        |        |         |           |         |
| Келгендер                      | 302524 | 239810 | 254 069 | 324 837   | 464015  |
| Кеткендер                      | 383834 | 317082 | 322 169 | 406 667   | 575431  |
| Көші-қон айырымы               | -81310 | -77272 | -68 100 | - 81 830  | -111416 |

Ескерту: [16,17, 18] әдебиет негізінде құрастырылған.


Жоғарыда көрсетілген кестеде келтірілген сандық көрсеткіштерге сәйкес мемлекетке 2024 жылы 1540285 адам көшіп келген болса, елден көшіп кетушілер 1523121 адам болған. Талдауға алынған жылдар ішінде көшіп келушілердің қозғалысы 2024 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 79,8%-ды, ал көшіп кетушілердің өзгерісі қарқыны 74,2%-ды құрады.

Өңірлік бөліністердегі өзгерістерде қала халқының қозғалысында келгендер 2020 жылы 554046 адам болса, 2024 жылы 1076270 адамды құраған, өзгерісі 94,3% болды. 2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда өзгеріс 48,6% болған.

2024 жылы ауылдық елді мекендерге 464015 адам көшіп келген болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 302524 адамды құраған. 2024 жылы 2020 жылға қарағандағы өзгеріс 53,4% болған. Аумақтық-әкімшілік бөлініс тұрғысынан қарайтын болсақ, қалалық елді-мекендерге көшіп келушілердің қатары ауылдық аумақтарға қарағанда басым болып отыр. Қалаға бағытталған көші-қон үрдісін бірнеше фактормен түсіндіруге болады. Біріншіден, экономикалық мүмкіндік яғни қалалық елді-мекендер жұмыс орындары мен мансаптық өсуге жол ашады. Қалаларда ірі компаниялар, өнеркәсіп пен қаржы орталықтары шоғырланған, бұл жайлы тұрмыс, өмір сүру деңгейін жақсартуға мүмкіндік іздейтін адамдардың қалаға көшуіне ықпал етеді. Екіншіден, білім-ағартушылық қызметті ұсынатын және денсаулықты сақтауға мүмкіндік беретін мекемелердің қалаларда жеткілікті ұйымдастырылуы білім алушылар мен медициналық қызметтерді қажет ететін адамдарды тартады. Үшіншіден, дамыған инфрақұрылым және ыңғайлылық яғни қалалық елді-мекендерде көлік-тасымалдау жүйесінің, сауда, тамақтандыру, мәдени және ойын-сауық нысандарының болуы адамдарға ыңғайлылық пен өмір-сүрудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Төртіншіден, ғылыми-техникалық

үрдіс нәтижелерінің және технологиялық үрдістің қоғамдық көлік, коммуникация мен энергетика сияқты салаларда кеңінен қолданыс табуы, өмірді жайлы әрі тиімді етеді. Сонымен, урбанизация үрдісі адамдар үшін қала өмірін тартымды ететін экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және т.б. факторлардың үйлесімінің салдары болып табылады.

Көші қон-үрдісінің өңірлік бөліністердегі өзгеріс қарқынын талдайтын болсақ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларына көшіп келушілердің басымдығы байқалады (сурет 1).



Сурет 2. Халықтың көші-қон өзгерісі (келушілер бойынша), 2024ж., адам  
Ескерту: [18] дерек көзі негізінде құрастырылған.

Республиканың әкімшілік бөлінісі бойынша сыртқы көші-қон көрсеткішіне сәйкес елге 1540285 адам келсе (2-сурет), оның ішінде келушілер бойынша көш бастап тұрған бірнеше қалалар бар. Мысалы, Астана қаласына 274987 адам немесе жалпы республикалық көрсеткіштің 17,9%; Алматы қаласына 238639 адам немесе 15,5% және Шымкент қаласына 130466 адам немесе 8,5% адам қоныстаған.

Ішкі көші-қон үрдісіне 1510337 адам қатысқан болса, оның 17,9% немесе 271694 адам Астана қаласына; 15,4% немесе 232305 адам Алматы қаласына және 8,6% немесе 129654 адам Шымкент қаласына қоныс аударған. Көші-қон үрдісінің өзгеріс қарқынын ел аумағынан тыс және ел аумағы ішіндегі тұрғылықты мекен-жайларын өзгерту көрсеткіші бойынша талдау жасайтын болсақ (3-сурет).



Сурет 3. Халықтың көші-қон өзгерісі (кеткендер бойынша), 2024ж., адам  
Ескерту: [18] дерек көзі негізінде құрастырылған.

Сыртқы және ішкі көші-қон ағындарына сәйкес барлығы 1523121 адам кеткендер санын құрады. Оның ішінде 12784 адам немесе жалпы көрсеткіштің 0,8%-ы сыртқы

көші-қон үрдісіне қатысқан. 9569 адам ТМД елдеріне, 3215 адам басқа елдерге қоныс аударған.

Ішкі-көші қон деректеріне сәйкес мемлекет ішінде 1510337 адам өңіраралық және өңірлік көшіп-қону үрдісіне қатысқан. Республика деңгейінде ірі мегаполистер мен халық көп шоғырланған облыс аумақтарынан көшушілердің қатары жоғары болып отыр. Оның ішінде Астана қаласынан 198456 адам, Алматы қаласынан 196244 адам, Шымкент қаласынан 120293 адам, Түркістан облысынан 158189 адам, Алматы облысынан 145420 адам көшіп кеткен.

Ішкі көші-қон үрдісіне жалпы 1510337 адам қатысқан болса, оның 45,7%-ы немесе 689497 адам өңіраралық, 54,3%-ы немесе 820840 адам өңірлік көшіп-қону үрдісіне қатысқан [18].

Жалпы республикадағы көші-қон үрдісі мемлекетке көшіп келушілер мен мемлекеттен көшіп кетушілер арасындағы айырмашылықтың арасалмағы шамалас екенін көрсетіп отыр. Егер 2024 жылы 1540285 адам көшіп келген болса, 1523121 адам көшіп кеткен.

## Қорытынды

Көші-қон үрдісінің теориялық аспектілері мен республикадағы көші-қон үрдісінің өзгерісіне жасалған талдауларға сүйене отырып, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады.

Қазіргі уақытта әлем халқының шамамен 2,3 пайызы немесе 184 миллионы түрлі себептерге байланысты көші-қон үрдісіне қатысып отыр. Бұл үрдіс дамыған және дамушы елдер үшін де мәселеге айналып отыр. Көші-қон салдары кей мемлекеттерге білікті жұмысшылар санының азаюына, демографиялық өсімге әсерін тигізетін болса, бұл мигранттардың шыққан еліне қайтарған ақша аударымдары экономикаға оң әсер етеді. Ал, мигранттарды қабылдаушы ел жұмыс күшінің тапшылығын толтыруға, экономикалық өсімге қол жеткізсе, сонымен қатар мигранттар мемлекеттік қызметтерге және инфрақұрылымға салмақ түсіреді. Сондықтан миграциялық үрдістің оң және теріс салдары, жіберуші және қабылдаушы елде де орын алады.

Көші-қон үрдісінің туындауына саяси, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және т.б. сипаттағы себептер әсер етіп жатыр.

Көші-қонның жеделдетуші, селективті және қайта бөлу функциялары бар. Көші-қон ұғымының мәні аталмыш функциялар негізінде айқындалады.

Көші-қон қозғалыстың бағыты, басқарылуы, ұзақтығы және себептері бойынша түрлерге бөлінеді.

Қазақстандағы көші-қон үрдісі елдің әлеуметтік-экономикалық саласының маңызды бөлігі. Оған ішкі көші-қон яғни республиканың өңірлері арасындағы адамдардың қозғалысы және халықаралық көші-қон яғни адамдардың елге келуі мен кетуі жатқызылады. Елдегі көші-қонның себептерін жүйелендіретін болсақ. Ішкі көші-қон негізінен ауылдық аумақтардан қала орталықтарына бағытталған үрдісті қамтып отыр. Адамдар жайлы тұрмыс, білім, жұмыс, сапалы қызмет көрсетулер үшін елдің ірі мегаполис қалаларына яғни Алматыға, Астанаға, Шымкентке және өнеркәсіп орталықтары ретінде

дамыған Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе қалаларына көшуде. Сыртқы көші-қон үрдісі елге келгендер мен елден көшіп кетушілердің легін біріктіреді. Қазақстанға көршілес елдерден келушілердің қатары басым болса, елден басқа мемлекеттерге көшушілер ТМД елдері мен басқа да елдерді таңдаған. Сонымен қатар, мемлекетте этникалық көші-қон үрдісі де орын алып отыр. Этникалық топтардың Қазақстанға көшу үрдісі репатриация бағдарламасы шеңберінде көршілес Қытай, Ресей, Өзбекстан, Моңғолия мемлекеттерінен этникалық қазақтардың тарихи отандарына оралуы жалғасып жатыр.

### **Алғыс айту, мүдделер қақтығысы**

Мақала жеке авторлар қаражаты есебінен жазылды, авторларда мүдделер қайшылығы болмады

### **Авторлардың қосқан үлесі.**

**С.Е. Нурпеисов** – әдебиеттерге шолу жасау, жиналған мәліметтерге талдау жасау, мақаланы рәсімдеу, мақаланы жазу.

**А.П. Седлов** – мақаланың құрылымын бекіту, мақаланың мазмұнын сыни қарау, жалпы басшылық жасау.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 961 қаулысы [Электрон. ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000961> (өтініш берген күні: 10.07.2024)
2. Сухов А.Н., Трыканова С.А. Миграция в Европе и ее последствия: учебное пособие.-М.:ФЛИНТА, 2021.- 216с.
3. Бадараева Р.В., Цыбикова А.А. Теоретические основы миграции: сущность и классификация// Современные научные исследования и разработки. 2018. № 10 (27). С. 143-145.
4. Megi Surmanidze Causing factors of migration and human rights// Vectors of Social Sciences 2023. PP 81-91
5. Venla Niva et al Global migration is driven by the complex interplay between environmental and social factors// 2021 Environ. Res. Lett. 16 114019.
6. Emily N., Lauren H., Aaron O., Jeffrey P. W. Decision-making factor interactions influencing climate migration: A systems-based systematic review// Wiley interdisciplinary reviews: Climate Change 2023;14:e828
7. Аверков А.Л. Регулирование миграционных процессов на региональные рынки труда.- М.: Лаборатория Книги, 2012.- 121с.
8. Migrants, refugees, societies//The World Bank Reports, 2023 [Электрон. ресурс]- URL: <https://www.worldbank.org/en/publication> (дата обращения: 20.07.2024)
9. Крылова Е.Б., Корнейчук О.В. Рынок труда и миграция: учеб. пособие.- М.: Изд-во Моск. гуманит. ун-та, 2012.- 136с.
10. Мухина А.Ю. Международная экономическая миграция.- М.: Лаборатория Книги, 2011.- 141 с.

11. Деловарова Л.Ф. Некоторые теоретические аспекты миграционных процессов в контексте устойчивого развития// Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. №3-4 (63-64). 2013. С. 31-38.
12. Пухова М.М., Дорошина И.П., Ходжаева И.Г. Теоретические основы миграции // Transport business in Russia №6 2013. С 13-16.
13. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы [Электрон. ресурс]- URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000961> (өтініш берген күні: 07.07.2024)
14. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысы. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746> (өтініш берген күні: 10.07.2024)
15. 2009 - 2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы N 1126 Қаулысы [Электрон. ресурс]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080001126> (өтініш берген күні: 10.08.2024)
16. Қазақстанның демографиялық жылнамалығы 2017-2021жж./ қазақ және орыс тілдерінде/ 276 бет. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://old.stat.gov.kz/> (өтініш берген күні: 15.07.2024)
17. Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны 2023 жылғы қаңтар-желтоқсан/ 18 серия Демографиялық статистика [Электрон. ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/> (өтініш берген күні: 15.07.2024)
18. Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны, 2024 жылғы қаңтар-желтоқсан [Электрон. ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/> (өтініш берген күні: 01.01.2025)
19. Маколифф М. и Л.А. Оучо (под ред.), 2024. Доклад о миграции в мире 2024. Международная организация по миграции (МОМ), Женева.
20. International Migrant Stock 2024. Key facts and figures [Электрон. ресурс]. – URL: <https://www.un.org/development/desa/pd/content/international-migration-1> (а өтініш берген күні: 01.01.2025)

С.Е. Нурпеисов<sup>\*1</sup>, А.П. Седлов<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Университет «Туран-Астана», Астана, Казахстан

<sup>2</sup> Центр развития человеческого потенциала Института экономики РАН, г. Москва, Россия

### Миграционные процессы в современном мире: анализ факторов и последствий

**Аннотация.** В статье рассмотрены теоретические аспекты миграционного процесса. Изучение миграционных процессов является актуальным вопросом в настоящее время. Миграция – это перемещение людей из одной страны в другую или между регионами одной страны вследствие улучшения социальных и экономических условий, поиска работы, конфликтов и преследований. Этот процесс оказывает большое влияние на социально-экономическое развитие стран и территорий, а также на культурное разнообразие. Исследования по этому вопросу помогут лучше понять причины и последствия миграции, а также разработать программы по проведению политики и урегулированию проблемы, направленные на эффективное управление

миграционными потоками. Изучение миграционного процесса в целом важно не только для субъектов, участвующих в миграционном процессе, но и для достижения семнадцати целей концепции устойчивого развития ООН.

В статье рассматривается понятие миграции, систематизируются и группируются причины миграции населения. Приведены особенности миграционного процесса в каждый период и рассмотрены функции миграции. На основе данных Всемирного банка проведен анализ современного состояния миграционных процессов в мире. Определено распределение мигрантов и беженцев по географическим районам и причины миграции.

Также был проведен анализ миграционных процессов Казахстана с использованием статистических данных

**Ключевые слова:** страна, экономика, миграция, процесс, проблема, фактор, причина.

S. Nurpeisov<sup>\*1</sup>, A. Sedlov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Turan-Astana university, Astana, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Center for Human Development, Institute of Economics, Russian Academy of Sciences, Moscow, Russia

### Migration processes in the modern world: analysis of factors and consequences

**Annotation.** The article discusses the theoretical aspects of the migration process. The study of migration processes is a pressing issue at the present time. Migration is the movement of people from one country to another or between regions of one country due to improved social and economic conditions, job searches, conflicts and persecution. This process has a great impact on the socio-economic development of countries and territories, as well as on cultural diversity. Research on this issue will help to better understand the causes and consequences of migration, and to develop policy and management programs to effectively manage migration flows. The study of the migration process as a whole is important not only for the subjects involved in the migration process, but also for achieving the seventeen goals of the UN concept of sustainable development.

The article examines the concept of migration, systematizes and groups the causes of population migration. The features of the migration process in each period are given and the functions of migration are considered. Based on World Bank data, an analysis of the current state of migration processes in the world was carried out. The distribution of migrants and refugees by geographic area and the reasons for migration are determined. **Keywords:** country, economy, migration, process, problem, factor, reason.

An analysis of migration processes in Kazakhstan was also conducted using statistical data.

**Key words:** country, economy, migration, process, problem, factor, reason.

### References

1. Kazakstan Respublikasy keshi-kon sayasatynyn 2023 – 2027 zhyldarga arналган tyzhyrymdamasyn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2022 zhylygy 30 zheltoksandagy № 961 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 961 of December 30, 2022 on approval of the Concept of Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P22000000961> (accessed 10.07.2024)

2. Suhov, A.N., Trykanova S.A. Migracija v Evrope i ee posledstvija: uchebnoe posobie [Migration in Europe and its consequences: a tutorial]. (M.: FLINTA, 2021, 216p.) [in Russian].
3. Badaraeva R.V., Cybikova A.A. Teoreticheskie osnovy migracii: sushhnost' i klassifikacija [Theoretical foundations of migration: essence and classification] // In Sovremennye nauchnye issledovanija i razrabotki. 2018. № 10 (27). P. 143-145. [in Russian].
4. Megi Surmanidze Causing factors of migration and human rights// Vectors of Social Sciences 2023. PP 81-91
5. Venla Niva et al Global migration is driven by the complex interplay between environmental and social factors// 2021 Environ. Res. Lett. 16 114019.
6. Emily N., Lauren H., Aaron O., Jeffrey P. W. Decision-making factor interactions influencing climate migration: A systems-based systematic review// Wiley interdisciplinary reviews: Climate Change 2023;14:e828
7. Averkov A.L. Regulirovanie migracionnyh processov na regional'nye rynki truda [Regulation of migration processes to regional labor markets]. (M.: Laboratorija Knigi, 2012,121p.) [in Russian].
8. Migrants, refugees, societies//The World Bank Reports, 2023.- Available at: <https://www.worldbank.org/en/publication> (accessed 20.07.2024)
9. Krylova E.B., Kornejchuk O.V. Rynok truda i migracija: ucheb. Posobie [Labor market and migration: a tutorial]. (M.: Izd-vo Mosk.gumanit. un-ta, 2012, 136p.) [in Russian].
10. Muhina A.Ju. Mezhdunarodnaja jekonomicheskaja migracija [International economic migration]. (M.: Laboratorija Knigi, 2011,141 p.) [in Russian].
11. Delovarova L.F. Nekotorye teoreticheskie aspekty migracionnyh processov v kontekste ustojchivogo razvitija [Some theoretical aspects of migration processes in the context of sustainable development]// Vestnik KazNU. Serija mezhdunarodnye otnoshenija i mezhdunarodnoe pravo [KazNU Bulletin. Series: International Relations and International Law].3-4 (63-64) (2013). P. 31-38. [in Russian]
12. Puhova M.M., Doroshina I.P., Hodzhaeva I.G. Teoreticheskie osnovy migracii [Theoretical foundations of migration] // Transport business in Russia №6 2013. P. 13-16. [in Russian]
13. Qazaqstan Respublikasy kösi-qon saiasatynyñ 2023 – 2027 jylдарға арналған түjyrymdamasy [Concept of migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000961> (accessed 07.07.2024)
14. Natizheli zhymyspen kamtudy zhane zhappaj kasipkerlikti damytudyn 2017 – 2021 zhyldarga arналған "Enbek" memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2018 zhylygy 13 karashadagy № 746 kaulysy. [Resolution No. 746 of the Government of the Republic of Kazakhstan of November 13, 2018 on the approval of the state program "Labor" for 2017-2021 for the development of effective employment and mass entrepreneurship]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746> (accessed 10.07.2024)
15. 2009 - 2011 zhyldarga arналған "Nyrly kosh" bagdarlamasyn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2008 zhylygy 2 zheltoksandagy N 1126 Kaulysy [Resolution N 1126 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 2, 2008 on approval of the "Nurly Koch" program for 2009-2011]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080001126> (accessed 10.08.2024)
16. Kazakstannyn demografiyalyk zhylnamalygy 2017-2021zhzh./ kazak zhane orys tilderinde/ 276 bet. [Demographic Yearbook of Kazakhstan 2017-2021/ in Kazakh and Russian languages/ 276 pages]. Available at: <https://old.stat.gov.kz/> (accessed 15.07.2024)

17. Kazakhstan Respublikasy halkynyn koshi-kony 2023 zhylygy kantar-zheltoksan/ 18 seriya Demografiyalyk statistika [Population migration of the Republic of Kazakhstan January-December 2023/ Series 18 Demographic statistics]. Available at: <https://stat.gov.kz/> (accessed 15.07.2024)

18. Kazakhstan Respublikasy halkynyn koshi-kony, 2024 zhylygy kantar-zheltoksan [Migration of the population of the Republic of Kazakhstan, January-December 2024] Available at: <https://stat.gov.kz/> (accessed 01.01.2025)

19. Makoliff M. i L.A. Oucho (pod red.), 2024. Doklad o migracii v mire 2024.[ World Migration Report 2024.] Mezhdunarodnaja organizacija po migracii [International Organization for Migration], Zheneva.

20. International Migrant Stock 2024. Key facts and figures Available at: <https://www.un.org/development/desa/pd/content/international-migration-1>(accessed 01.01.2025)

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Нурпеисов С.Е.** – экономика ғылымдарының магистрі, әлеуметтік және корпоративтік даму жөніндегі проректор, «Тұран-Астана» университеті; 010000 Дүкенұлы көш., 29 Астана қ., Қазақстан.

**Седлов А.П.** – экономика ғылымдарының кандидаты, РҒА экономика институтының адами әлеуетті дамыту орталығының жетекші ғылыми қызметкері, Ресей, Москва қ.

**Нурпеисов С.Е.** – магистр экономических наук, Проректор по социальному и корпоративному развитию Университет "Турани-Астана"; 010000 ул. Дукенулы, 29 г. Астана, Казахстан.

**Седлов А.П.** – кандидат экономических наук, ведущий научный сотрудник Центра развития человеческого потенциала Института экономики РАН, Россия, г. Москва

**Nurpeissov S.Y.** – Master of Economics Sciences, Vice-Rector for Social and Corporate Development, «Turan-Astana» University, 010000 Dukenuuly street, 29, Astana city, Kazakhstan.

**Sedlov A.P.** – candidate of Economic Sciences, Leading Researcher at the Center for Human Potential Development, Institute of Economics, Russian Academy of Sciences, Moscow, Russia.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).